

У2006
708к



ҚАЗАКТЫҢ ҚОЛӨНЕРІ



Дәркембай Шокпарұлы

ме
жаның көзінен шығарылған табиғаттың
бүрекшілігінде көзінен шығарылған табиғаттың

шұрышы, әр қесінен 8-9-шінен тұрғындағы ең жақын
рұптаудың мемлекеттік оңтүстік.

Ақынның материалдардың оңдасы, эмблемалардың әртүрлілігінде
насып шын құссау, шын, шын, әртүрлі мәдениет, ғарнитур, т.б.
шын мәдениет, ғарнитурдың оңтүстік, ғарнитурдың мемлекеттік м.с.

Салтанат, көзінен шығарылған табиғаттың 8-9-шінен жақын
сүйеніш (ақынның) оңтүстік мәдениет, ғарнитур.

Сүйеніш (ақынның) оңтүстік мәдениет, ғарнитур.

сүйөшт (адамтары) нүрэл

Хандасыннан жаралып кел оңтүстүк даярданаң Augustan
негизе Оңзүйн,

Манас Европа сүрүмү кел
Башк Манас, Сыр, Ашык хандасыннан
бүгелсөн зор Гайдо.

масал, күрәмүрдөли

сүйөшт (адамтары) нүрэл масал, күрәмүрдөли

масал, күрәмүрдөли

ҚАЗАҚТЫҢ
КОЛӨНЕРІ

Дәркембай
Шокпарұлы

ҰСТА ДӘРКЕМБАЙ

**ББК 37248
Ш77**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің Мемлекеттік бағдарламасы бойынша
шығарылып отыр**

**Ш77 Дәркембай Шоқпарұлы
Альбом — Алматы:
Өнер, 2005 — 176 бет.**

Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, қолтеген халықаралық фестивальдар мен форумдардың жөнімпазы, қолөнер шебері, суретші-этнодизайнер, Т. Жургенов атындағы қазақтың үлттық өнер академиясының “Сәндік өнер және дизайн” факультеті “Металл мен ағашты көркемдеп өңдеу” кафедрасының профессоры Дәркембай Шоқпарұлы бұл альбомда халқымыздың ою-өрнек өнері, металл, ағаш, тери тәрізді материалдарды көркемдеп өңдеудің қыры мен сырын, технологиялық тесілдерін, құрал-жабдық атауларын жатық тілмен жан-жақты қамтып, қызғылышты баяндайды.

Иллюстрациялық материалдары мол бұл альбом жастар мен студенттерге, өнер зерттеуші, мәдениеттанушыларға, этнографтарға, сондай-ақ жалпы өнер сүйер көпшілік қауымға арналған.

ISBN 9965-768-15-3

**© Дәркембай Шоқпарұлы.
© “Өнер” баспасы, 2005**

Дәркембай Шокпарұлы





АЛФЫ СӨЗ

Географиялық картада Алтай мен Атырау арасын алыш жатқан кең-байтақ өлкө біздің туган еліміз — Қазақстан Республикасының жері.

Осынау байтақ жерде көсілеген кең далалар мен аскар таулар, толқынды теніздер мен айдын-шалқар көлдер, арналы өзендер мен орман-тогайлар өте көп. Қазақстан жерінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың алуан түрлері кездеседі. Жер қойнауы әр алуан қазба байлықтарға тұнып тұр!

Осындай табиғат байлығын ата-бабаларымыз ерте замандардан бері колдан келгенінше игеріп отырған.

Аң аулап, құс салып, малдың терісі мен жүнінен киім тігіп, басқа да түрмисқа қажетті бүйімдар жасаған. Жер жыртып, дән еккен, үй түргызып, үлкен қалалар орнатқан.

Фалымдардың топшылауы бойынша, ең алғашқы адамдар қазақ жерінде бұдан жарты миллион жыл бұрын пайда болған.



Халқымыз ежелгі замандардан бері еңбек етүмен қатар, уақыт ағымымен бірге өнерін де ұдайы дамытып отырды. Солардың бірі халқымыздың қол өнері.

Қолөнер тарихи-экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әртүрлі сатыда дамып, түрленіп отырды.

Ғылымда “Андронов мәдениеті” (б.з.д. XVIII-X ғ) деген атпен белгілі болған андроновтық тайпалардың қолөнершілері (шеберлері) сол кездің өзінде-ақ әртүрлі қола карулар, пышақ, наиза, тағы басқа сөндік бүйімдар мен сазбалышықтан әртүрлі ыдыстар жасап, оларды геометриялық өрнектермен безендірген.

Казіргі қазак жерін мекендейген өртедегі сак, үйсін, қанлы тайпалары қазақ халқын құрайтын негізгі тайпалар болып саналатыны ғылымда дәлелденген.

Халқымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына Алдыңғы және Орта Азия, Шығыс Европа скифтері мен Қыыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының ықпалы зор болды.

Ерте кездерден-ақ көршілес жатқан мемлекеттермен мәдени қарым-қатынас нығайып, саяхат, сауда жасау арқылы, әр мемлекет бір-бірінен өнердің озық үлгілерін үйреніп, жетілдіріп отырған.

Ежелгі тас дөүрінен бастап, бүтіні қунге шейінгі қазак жерінен табылған қолөнер үлгілерінің түпнұсқалары мен шынайы шеберлердің қолынан шыққан өнердің озық үлгілерін бұл күнде музейлерден көріп те жүрміз.

Ал, енді қолөнер дегеніміз не, оның адам өміріндегі қызметі қандай? Қолөнердің қандай салалары бар деген сұрақтарға жауап іздең көрелік. Қол өнер ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық творчествосының сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де қастерлі өнер. Қандай халықтың қолөнері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылышы, әдет-

ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді.

Қолөнер адам баласының әсемдікке, нәзіктікке деген үмтүлісін, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Ол арқылы біз үлкен рухани-эстетикалық тәлім алғып, өнер әлеміне қанат қағамыз.

Кіп-кішкентай түймеден бастап, толып жатқан үй жиһаздары, ат әбзелдері, қару-жарак, мебель, музика аспаптары, кілем, киім-кешек, ыдыстар, өсемдік, сөндік бұйымдарының барлығы да халық қолөнерінің туындылары болып саналады.



Қолөнер бұйымдарын көркем эстетикалық талғаммен, нақышына келтіріп өрнектеп, әшекейлеп шығаратын адамдарды қолөнер шеберлері дейміз.

Әр шебердің өзі сүйетін материалы мен сол материалды ұсатып, әшекейлеппендеуде менгерген өз тәсілі болады.

Қазақ шеберлері көп қолданатын материалдарға *агаш, металл, тери, былғары, тарамыс, қайыс, жұн, жіңін, ши, қамыс, киіз, мата, мас, бояу, сүйек, мүйіз, тағы басқалары* жатады.

Аталған материалдарды
өндеп, әшекейлеп
әртүрлі бұйымдар
жасау үшін
қолданатын
тәсілдер:
ою, қашау,
қую, шеку, нақыс салу, өрнектеу,
бояу, бұрау, ширату, кесу, месу,
илеу, ору, току, иру, бедерлеу,
тігу, сыру, шабу, қактау, ыстау,
лајсылау, дәнекерлеу, құрсаулау
т.с.с. болып кете береді.

Әртүрлі *ою* ойып, *ою-өрнек*
улгілерін жасайтын адамдар



оюшы, ағашты көркемдеп өндеп, одан түрлі бұйымдар жасайтын адамды *агаш шебері* немесе *агаш ұстасы* дейміз.

Темірден түйін түйіп, әргүрлі өндіріс құралдарын соғатын адам *темір ұстасы*, ал түрлі металдар мен тастарды пайдаланып, өте нәзік сөндік бұйымдарын жасайтын шеберлерді *зергер* деп атайды.

Осы сияқты істейтін ісінің ынғайына қарай әр шебер: *тігінші*, *кестеши*, *өрімші*, *бәдізші*, *тері шлеуші*, *бояушы*, музика аспаптарын жасауышы, т.б. болып атала береді.



Борашы шеберлер, немесе ат өбзелі ер-тұрман, сайдандарын басынан аяғына шейін өзі жасайтын бесаспап шеберлер көп болған. (Ат өбзелін түгел жасап шығу үшін; *агаш шабу*, *тері шлеу*, *өру*, *алтын*, *куміспен жұмыс істеу*, *көркем құйма* тағы басқа тәсілдердің технологиясын жетік менгеру қажет).



Қазақта: “*Жігітке жеттілік өнер де аз*” деген мақал бар. Егер кімде-кім бірнеше өнерді бірдей жетік менгерсе, ол адам туралы: “*Он саусағынан өнер тамған, бесаспап шебер*” еken дейді.

Мысалы, қазақ шеберлөрінің арасында киіз үйдің сүйегін (ағаштарын) түгел жасап, құрастыратын үй

өнер сүйіп, өнер сыйлап өскен қазақ халқы әр уақытта өнерлі, шебер адамдарға үлкен ілтипат көрсетіп, құрметтеп келген.

Халық қолөнерінің тарихын біліп, оның құпия құбылыстарын игеру, халық қазынасын байыта түсү бүтінгі талапкер жастарға үлкен сын. Ол үшін ұдайы талаптанып, үзбей тер төгу керек. Сонда ғана бесаспап шебер болып шығасын.

Халқымыздың қасиетті қолөнері атадан балаға аудыса отырып, өте жақсы дамыған күрделі өнер. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бірегей бұйымдарды өте үлкен талғаммен жасалған өнер туындылары деп бағалаган жон. Өйткені қөптеген халықаралық көрмелер мен байқауларға, өнер фестивальдары мен форумдарына қолөнер


туындыларын қойып, байқағанымыз біздің қолөнеріміз әлем халықтарының қолөнерімен терезесі тен, тіпті кейбір тұстарда көп елден шоқтығы биік түр.

Осы кітап — альбомға халық қолөнерінің киіз үй және оның жасау жабдықтары, жүннен жасалатын бұйымдар, ши тоқу, мүйіз бен сүйекті ұсату, бәдізшілік өнері, қыштан жасалатын көркем бұйымдар т. б., қолөнерінің салалары кітап ауқымы көтермейтіндіктен кірмей қалды. Ол олқылықты толтыру — болашақтың ісі.

Және бір өкінішті жағдай, қазір біздер музейлерден көріп тамашалап жүрген қолөнер туындыларының авторлары белгісіз. Қолөнерін зерттеп-зerdeлеу өнертанушы, мәдениеттанушы, этнографтардың ғана үлесі деген үғым дұрыс емес. Оған ғалымдар, педагогтар, өнер сүйер азаматтардың барлығы да араласқаны жөн.

Казақ халқын жер жүзінің көп халықтарынан ерекше көрсететін қасиеті — ол мәдениеті мен өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі. Қазір жастар арасында европа мәдениетіне еліктеу, солықтау үрдісі базым. Өз халқының тілін, мәдениетін жете білмеген адам — басқа елдің мәдениетімен алысқа бара алмасы — ақиқат.

Халықтың қолөнері мемлекет тарапынан да қолдау табуы шарт. Оған ел басқарып отырган азаматтар мен мәдениет саласындағы лауазым иелері мен мамандар баса назар аударса нұр үстіне нұр!



Дәркембай уста.

ΟΙΟ-ΘΡΗΕΚ







ОЮ-ӨРНЕК

Онердің өте көне әрі күрделі түрі — ою-өрнек өнері. Қазақ қолөнерінің барлық түрінде кеңінен қолданылатын, қолөнер туындыларының көркемдік-эстетикалық мәнін ашып, өшекейлеп, айшықтай түсетін өнер. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою-өрнекпен бозендірілгені өте сирек кездеседі.

Ою-өрнек өнері ежелгі замандардан қалыптасып, халқымыздың тарихымен бірге ілгерілей дамып отырған. Ою-өрнек өнерінің ең көне үлгілері тарихта “андроново мәдениеті” деген атпен белгілі дәуірден бастау алады.

Ол дәуір біздің заманымызға дейінгі екі мыңыншы жылдарға тура келеді.

Жер жүзіндегі барлық халықтардың ою-өрнек өнері көне замандардан бері қалыптасып, дамып, күні бүтінге дейін өз маңызын жоғалтпай сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталаған келеді.

Ою-өрнек өнерінің даму жолында әрбір тарихи кезеңнің өз таңбасы бар. Онда әр елдің ерекшеліктері, халықтық келбеті, үлттық айырмашылығы айқын ашылады.

Әр елдің әдет-ғұрыш, салт-дәстүрі, географиялық, табиғи ортасына байланысты ою-өрнек үлгілері де екшеліп, ерекшеленіп, елдік сипатка ие болып, түрлене туседі.

Ою-өрнек дегеніміз — геометриялық бейнелі элементтердің жүйелі ырғакпен қайталанып, үйлесімді құрылуы.



Ою өрнек композициялық құрылымына сай үшке бөлінеді.

1. Жиектік (әдіптік, кемерлік) өрнектер (фриз, бордюр, жолақ).

2. Ғұлді өрнектер (шенбер, розетка, табақша т. б.).

3. Торлама өрнектер (бүйым бетін тұтас жауып тұрады).

Бейнелену белгілеріне сай ою-өрнек үлгілері бірнеше түрге бөлінеді.

1. Геометриялық өрнектер.

2. Көкөніс іспеттес элементтерден тұратын өрнектер.

3. Зооморфтық өрнектер (жан-жануарлардың дене мүшелерін бейнелейтін элементтер).

4. Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнек элементтері (ай, күн, жұлдыз, айшық, жұлдызыша, кемпірқосақ, құс жолы, үркөр, наизағай т. б.).

5. Белгілі бүйымдарды бейнелейтін өрнек элементтері (балдақ балға, балта, күмбез, қармақ т. б.)

6. Эпиграфиялық өрнектер тәріздендіріп, құбылтып, әдемілеп, астарлап жазу.

7. Ру таңбалары мен ел таңбасы, малға салынатын ен-таңбаға байланысты құрылған өрнек элементтері: тұмар, айшық, босага, абақ, тарак, көз, көсеу, шөміш, ашамай т. б.

Тілімізде ою-өрнек деп қосарлана айтылатын, тұрмыста бүйым бетін әшекейлеу, әрлеу үшін қолданылатын нақышты зат бетіне түсіру үшін қолданылатын әртүрлі тәсілдер бар. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, қару, құрау, сырғу, бояу, сарнау, таптаурындау, т.б. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен (элемент) құралады.

Халқымыздың ою-өрнек өнерін кезінде В. Куррер, Ф. Т. Куглер, С. В. Иванов, С. А. Давыдов, Н. В. Сумцов, А. Н. Бернштам, т.б. мен қатар қазақ ғалымдары мен ағартушылары, этнографтары да зерттеп зерделеген. Олар: І. Алтынсарин, Ш. Үәлиханов, Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, С. Қасиманов, Ә. Жәнібеков, Ә. Тәжімұратов, В. Тұяқбаева, Б. Әлмұхамбетов, Б. Ибраев, К. Ибраева, Т. Жанысбеков, Ә. Қажығали, Г. Қабижанова, М. Өмірбекова, Ә. Нұрпеисов, Ұ. Әбдіғапбарова, Д. Шокпарұлы, Ж. Шәйкен, Ж. Балкенов, Ж. Асанова, Б. Байжігітов, А. Қамақов т. б.

Сол сияқты халқымыздың қазынасы ою-өрнек өнерінің үлгілерін толықтыра түсуге өз үлестерін қосқан оюшы-



Балық бейнелі қалып



шеберлер F. Иляев, С. Эзірбаева, С. Төленбаев, Э. Нұрпеисов сынды енерпаздардың ерен еңбегі арнағы зерттеуді қажет етеді. Халқымыздың біртуар ұлы Бауыржан Момышулының қолы бос кезінде қағаздан қылп, әртүрлі өрнек үлгілерін жасаумен өустенгенін де екінің біре біле бермейді. Ою-өрнек үлгілерін құрастырушы шеберді қазақ оюшы — деп атайды.


Халық шеберлері ою-өрнек үлгілерінің элементі ретінде өзін қоршаган табиғат аясындағы құбылыстарды көнінен пайдаланған. Сол сияқты халық ұғымына сініп қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім де ою-өрнек енерінің өрісін кеңейтуге ықпал етіп отырған.

Халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаган табиғат аясынан алады. Өте ерте замандарда халық ұғымында жер жалпақ әрі дөңгелек деген түсінік болған. Өйткені, мидай жазық далага шығып, айналала көз салсақ, дөңгеленген көкжисек сзызығын ғана көреміз. Көне кезден келе жатқан наным-сенім бойынша жер бейне бір таба наң тәрізді жазық әрі дөңгелек. Ол алып көк өтіздің мүйізіне орналасқан. Өтіз жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырса жер сілкінеді. Көк өтіз алып (наһан) балықтың жотасына орналасқан, балық толқындаған теңізде болады.

Илияс Жансүтровтың 1924 жылы жазған “Өк, көк өгіз!” атты өлеңінде жогарыдағы халық сенімі шебер суреттеледі:

... Сыпира алғыр тыныш тұрса нетеді,
Жер шайқалса жұрттан зере кетеді.
Бас шайқалса қоқалактап қара жер,
Такиядай елпен-елпен етеді.
... Өк көк өгіз! Қарасан келгір қышынба!
Сөйгелді ме алып тұрған қысымға?...
Дәл басып тұр тұяғынды аудармай,
Балығыңың тәбесінің тұсында.

Ескі діни аңыз бойынша, жер астында ұлken көк тәбенің басында алып көктөрек өсіп тұр. Көктөректің негізгі жуан төрт бұтағы көк аспан



Кошқар бейнелі қалып



Балық құйрығы, балық көз өрнегі бейнеленген қалып



Күс бейнесіндегі қалып



Металл бүйімдарга лайық ою-өрнек

I бөлім



Кестеге лайык
ою-өрнекМеталл бүйымдарга
лайык ою-өрнек

күмбезін тіреп тұрады. Төрт бұтқақ төрт тараңқа (шығыс, батыс, онтустік, солтустік) бағыттала өскен. Көктеректің жапырактарына жер бетіндегі барша адамзаттың аты жазылған. Егер кімде-кім қайтыс болса, аты жазылған жапырак үзіліп түседі. Үзілген жапырак жолай басқа бір жапыракқа жанасып кетсе, сол жапыракта аты жазылған адамның кулағы шынылдайды. Адам баласы фәни дүниеден баки дүниеге көшерде қеудесіндегі жаны актық демімен сыртқа үшіп шығады, әрі ол көк шыбынның кейпіне келеді. Шыбын жаны марқұм болған адамның қырқын, жылын өткізгенше сол үйдін шінде үшіп жүреді. Қазакта марқұм болған адамға жыл үағы толғанша өлеңмен жоктау айту үрдісі осы сенімге байланысты туындаған. Марқұмның жылын өткізіп, ас берілген соң шыбын-жан үшіна кара ту ілінген бақаның (найзаның) сабымен өрмелеп жеті қабат көкке көтеріліп, көк тебенің басындағы көктерекке үшіп жетіп, қайтыс болған адамның аты жазылған, үзіліп түсken жапырактың орнына қонады. Көк шыбын сол жерде көк кептерге айналады. Көк теректің тамыры жеті қабат жерге жетеді. Көк кептерлер сол теректің тамыры арқылы адамдармен байланыс жасап тұрадымыс деген наным-сенім болған ел ішінде.

Сол сияқты көк күмбездегі күлімдеген күн, жарқыраған ай, жымындаған жұлдыздардың сыры ашылмай түрғанда бәрі жұмбақ болып көрінеді. Жердің сілкіні, жаңбыр мен қардың жауып, жел соғуы, дауыл тұруы бәрі де баяғы заманда өмір сүрген бабаларымыз үшін шешуі табылмағандыктан, осы құбылыстарға аныз шығарған. Қолөнері мен сөз өнерінде осы аталған табиғат тылсымдарын паш етуге тырысқан.

*Жапанда жалғыз ағаш егіледі.
Жел сокса жапырағы төгіледі...*

деген халық өлеңіндегі жапанда жалғыз өскен ағашты қасиетті санайтын халық сенімінің сілемі бар. Осы күндерге дейін айдалада өскен жалғыз ағашқа әр түрлі маталар, орамал байлау, түбіне күміс теңге тастап кету жоралғысы сакталған.

Жел — стихия, яғни боран, дауыл шақыратындау дүлей күш. Жел ағаштың жапырағын үшіруды, яғни адам өміріне қауіп төнеді. Міне, қолөнер туындыларында жапырак элементінен тұратын өрнектің көп кездесетін себебі сол. Жапырак — өмірдің нышаны. Қобыз, асатаяқ т.б. саз аспантарында сыйдырмақ ретінде ішінетін жапырак және бір-біріне тұмсығын түйістіріп отырған кос






УСТА ДАРКЕМБАЙ



ОЮ-ОРНЕК





(1-сурет)

кептердің бейнесіне үқас салпыншактар жи кездеседі (1-сурет).

Әсірсес мұндай салпыншактар ертеректе баксылар тұтынған аспаптарда көп колданылған.

Берік, тақия тәрізді бас кнімдер суретте сипатталған жердің үлгісі іспеттес. Әдетте төрт қылқтан құралады. Төрт қылқты біріктірген төрт тігіс әлемнің төрт тарабына бағытталған көк теректің төрт бутағының нышаны. Беріктің ернеуі жер болса, оның шошақ төбесі — көк тәбе, шашагы немесе үкісі — көктерек, яғни аныздағы алып бәйтеректі мензейді. Сол сияқты қазактың кіз үйі, оған қадаған байрақ т.б.

да толып, жатқан мысалдарды көптеп келтіруге болады (1-сурет — 3).

Қазақ үғымында қағылған қазық, ат байлайтын мама ағаш, ұтын, тіреу тәрізді шаншылған тік заттардың бәрі сол көк теректің символы болып саналады. Қазактың касиетті саз аспабы қобызының өзі аталаған әлем бейнесі іспеттес. Егер қобызының аржасы мен шанағын бөліп алып карасақ — көк өгіздің басы тәрізді, ал шанағы жұмыр жер болса, мойыны мен басы — көк терек. Басындағы салпыншактары көк жапырақ пен көк кептерлер. Олай болса, жапырақ — тірі адамдар да, көк кептерлер — әруақтар.



I бөлім



УСТА ДӘРКЕМБАЙ

ОЮ-ӨРНЕК

